



Жапонияда байрағымыз желбіреді

Сауда және интеграция министрі Арман Шаққалиев бастаған делегация «EXPO-2025 Osaka» дүниежүзілік көрмесінде Қазақстанның Ұлттық күні аясындағы іс-шараларға қатысу үшін Жапонияға ресми сапармен барды.

«EXPO National Day Hall» (EXPO Ұлттық күні залы) алаңында министр А.Шаққалиев пен Osaka EXPO-2025 қауымдастығы өкілдерінің қатысуымен Қазақстан Республикасының туын көтеру рәсімі өткізілді.

«Бүгінгі іс-шара қазақтың ұлы ойшылы Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына орайластырылған. Бұл өңір-

імдегі әртістер мен батырлардың қатысуымен ауқымды шеру ұйымдастырылды. «Expo Hall Shining Hat» сахнасында қазақ өнерпаздарының қатысуымен концерт қойылды. Ауқымды мерекелік бағдарламаға шамамен 3 мың көрермен жиналды. Ел мәдениетінің байлығын паш еткен Дина Нұрпейісова атындағы академиялық халық аспаптары оркестрінің әуендерімен, Sarmad және Art Domburga ансамбльдерінің этно және фольклорлық ырғақтарымен, опера солистері Зарина Алтынбаева мен Алтынбек Әбілданың керемет дауысы, сондай-ақ «Бірлік» ан-



лердің географиялық қашықтығына қарамастан, рухымыздың жақын екенін білдіреді, себебі бізді дәстүрлер мен аға буынға деген құрмет, білім мен еңбекке деген жоғары мән біріктіреді», деді А.Шаққалиев іс-шараның ресми ашылу салтанатында.

Өз кезегінде Жапонияның экономика, сауда және өнеркәсіп вице-министрі Акиёси Като Осакадағы EXPO-да өткен еліміздің Ұлттық күнімен қазақстандық делегацияны құттықтап, мәдени алмасудың өзара түсіністікті, ынтымақтастықты және екі ел арасындағы байланыстарды дамытудағы маңыздылығына тоқталды.

Дүниежүзілік көрме қонақтары үшін Қазақстанның Ұлттық күнін мерекелеу шеңберінде EXPO аумағында балуанымыз төрт дүркін әлем рекордшысы Сергей Цырульниковтің, ұлттық ки-

самблінің жігерлі би қойылымдары және Қазақстанның көптеген басқа да талантты әртістерінің өнерімен есте қалды. Кеште Құрманғазының, Н.Тілендиевтің, Қ.Ахмедияровтың, Л.Хамидидің, Е.Брусиловскийдің және халық сүйіспеншілігіне бөленген өзге де композиторлардың туындылары көрерменнің ыстық ықыласына бөленді.

Қазақстан павильоны келушілер арасында өте танымал екенін айта кеткен жөн. Оған келген қонақтар саны 900 мыңға жетті.

Қаперлей кетсек, биыл Жапонияның Осака қаласында EXPO-2025 дүниежүзілік көрмесі басталды. Ұйымдастырушылардың дерегі бойынша ауқымды іс-шараға 160 ел мен 9 халықаралық ұйым, 28 млн-нан аса адам қатысады деген болжам бар.

«Созақ үні»-ақпарат.

Үкімет басшысы Олжас Бектенов Президент тапсырмасын орындауға орай жиын өткізді. Жиын қорытындысына орай цифрлық трансформация бойынша топ (цифрлық штаб) құру жөнінде шешім қабылданды.

Мемлекет басшысының жасанды интеллектіні дамыту жөніндегі тапсырмасын жүзеге асыру ісінде белгілеген негізгі тоғыз бағыт қарастырылды. Олардың қатарында экономиканың нақты



Цифрлық штаб қызметін бастайды

секторына, мемлекеттік басқаруға, денсаулық сақтау салаларына ЖИ енгізу, Жасанды интеллект және цифрлық трансформация стратегиясын әзірлеу, мемлекеттік қызметтерді және өтініштермен жұмыс істеу үдерістерін дамыту, IT-архитектураны, QazTech ұлттық платформасын жаңғырту, киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету, отандық IT стартаптарды қолдау мен Smart city-ді дамыту мәселелері бар.

Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Жаслан Мәдиев Президент тапсырмаларын жүзеге асырудағы тәсілдер туралы баяндама жасады. Оның айтуынша, экономикаға жасанды интеллектіні енгізу басым міндет болып отыр. Осы бағытта Үкімет «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ-пен бірлесіп, еңбек өнімділігін арттыруға өндірістік үдерістерге ЖИ енгізу жөніндегі қол картасын әзірлеуге кірісті.

Жаңа технологиялар денсаулық сақтау саласында дұрыс диагноз қоюға, емшара тағайындауға және науқастарға мониторинг жүргізуге, дәрігерлерді күнделікті міндеттерден босатуға мүмкіндік береді. Бұл халыққа көрсетілетін қызметтердің сапасына, ашықтығы мен тиімділігіне оң әсер етеді. Отандық стартаптардың Денсаулық сақтау министрлігінің инфрақұры-

лымына қолжетімділігі, Бірыңғай медициналық деректер базасына көшуі мен тағы басқалары – маңызды қадам.

Мемлекеттік қызметтер саласында Аіту-ды ұлттық мессенджер ретінде бекіту жұмысы жүргізіліп жатыр. Арнайы органдар Аіту-ға көшіріліп, экожүйенің негізгі қатысушылары бірыңғай цифрлық ортаға біріктіріледі. Бұл тәсіл заманауи, қауіпсіз әрі ыңғайлы цифрлық ортаны қалыптастыруға мүмкіндік береді, онда мемлекеттік қызметтер әрбір азаматқа «батырманы бір рет басу» арқылы қолжетімді болады. Сонымен қатар еліміздің IT ландшафтының архитектуралық үйлесімділігін арттыру, сондай-ақ деректерді қорғау мен киберқауіпсіздік саласында шаралар көшені бойынша жүйелі жұмыс көзделген.

«Мемлекет басшысы ЖИ технологияларын барлық салаға енгізудің өзекті мәселелеріне баса назар аударып отыр. Бұл мәселелер жылдам әрі өзара тығыз әрекет ете отырып шешу қажет. Мұндағы мәселе тек ЖИ жұмысының құқықтық негізін жетілдірумен шектелмейді, одан бөлек деректердің шашыраңқылығы, суперкомпьютердің қуатын бөлу бойынша нақты регламенттің болмауы, киберқауіпсіздік, QazTech платформасына толық көшу сынды мәселелер шешімін табу ке-

рек. Бұл міндеттердің барлығы еліміздің цифрлық трансформациясы үшін стратегиялық маңызға ие, сондықтан да көрінетін экономикалық тиімділікпен осы жылдың желтоқсан айына дейін орындалуға тиіс», деді Премьер-министр.

Цифрлық даму министрлігіне мүдделі мемлекеттік органдармен және ұйымдармен бірлесе отырып, ұсын-ылған тәсілдерді пысықтау тапсырылды. Үкімет жақын арада нақты мерзімдері мен нәтижелері бар іс-шаралар жоспарын қабылдайды. ЖИ-ді жедел дамыту мен экономикаға енгізу, сондай-ақ Мемлекет басшысы тапсырмаларының жүзеге асырылуын бақылау мақсатында Премьер-министрдің өкімімен цифрлық трансформация жөніндегі топ (цифрлық штаб) құрылды.

Үкімет басшысы төрағалық ететін цифрлық штаб құрамына: Премьер-министрдің орынбасары–Үкімет аппаратының басшысы, Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттіктің төрағасы, Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі, Президенттің цифрландыру мәселелері жөніндегі кеңесшісі кірді.

Цифрлық штабтың міндетті шешімдерді жылдам қабылдауы жасанды интеллект технологияларын жедел әрі жаппай енгізуге ықпал етеді.

Су саласы мамандарын Қытайда оқыту жалғасады

Су ресурстары және ирригация вице-министрі Аслан Абдраимов Қытайдың ең ірі компанияларының бірінің басшылығымен кездесті. Еліміздің су саласы мамандарын даярлаудың бірлескен бағдарламасын жалғастыру жайы сөз болған кездесуде 2026 жылы да Қытайда курстар ұйымдастыру туралы келісімге қол жеткізілді.

Еске салайық, биыл Қытайда Қазақстанның су шаруашылығы саласының 121 маманы оқудан өтті.

2026 жылы шамамен 200 адамның Қытайда білім алуы жоспарланып отыр, курс шығыны толығымен Қытай тарапынан төленеді.

Аталған министрліктің мәліметінше курстардың негізгі бағыты – су ресурстарын басқаруды цифрландыру болады.

«Біз Мемлекет басшысының Жолдауда берген тапсырмаларын іске асыру бойынша белсенді жұмыс істеп жатырмыз. Онда су саласында жоғары білікті кадрларды даярлауда жүйелі тәсілдің қажет екені атап өтілген еді. Сондай-ақ алдымызда су шаруашылығы саласын цифрландыру және автоматтандыру міндеті тұр. Бұл бағытта да қытайлық әріптестеріміздің тәжірибесі отандық мамандар үшін өте пайдалы болады деп ойлаймын», деді вице-министр А.Абдраимов.



ТҮНГІ РЕЙД: ОТБАСЫЛЫҚ-ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖҰМЫСТАРЫ

Созақ аудандық полиция бөлімі Жергілікті полиция қызметі бөлімшесінің Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы тобының инспекторы, қатардағы полицей Алиев Беркін түнгі уақытта учаскелік аумақта тіркеуде тұрған тұлғалардың тұрғылықты мекенжайларын аралап, профилактикалық тексеру жұмыстарын жүргізді. Рейд барысында тұрғындарға құқықтық түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, отбасы ішіндегі тыныштықты сақтау, дау-жанжалдың алдын алу, сондай-ақ тұрмыстық зорлық-зомбылыққа жол бермеу керектігі ескертілді. Қызметтік міндеттер аясында инспектор жеке профилактикалық әңгімелесу жүргізіп, құқық бұзушылық фактілері бойынша қандай әрекеттер қолданылатыны жайлы мәлімет берді. Мұндай тексеру шаралары халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және отбасы құндылықтарын сақтауға бағытталған.

Егер сіз немесе жақындарыңыз тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбаны немесе куәсі болсаңыз, бірден 111, 150 немесе 102 (Созақ АПБ) нөміріне хабарласуыңызды сұраймыз.

«Ертөстік» бөбекжай-бақшасы ұжымы сауалнамаға қатысты

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің 2024–2028 жылдарға арналған қоғаммен әріптестікте қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету тұжырымдамасын іске асыру аясында сауалнама жүргізілді. Оның мақсаты-отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықпен байланысты құқық-бұзушылықтардың себептерін, мәселені қабылдау ерекшеліктерін және көмек сұрауға кедергі келтіретін факторларды анықтау. Сауалнаманы Түркістан облысының Білім басқармасының Созақ ауданының Білім бөлімінің «Ертөстік» бөбекжай-бақшасы» МКҚК ұжымымен бірлесе отырып, Созақ аудандық полиция бөлімінің Жергілікті полиция қызметі бөлімшесінің отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес тобының инспекторы-полиция майоры Манапова Айжан Қалмаханқызы, әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу жөнін-



дегі инспектор ұйымдастырып, жүргізді. Іс-шараға «Ертөстік» бөбекжай-бақшасының меңгерушісі мен қызметкерлері қатысып, сауалнамаға белсенді түрде атсалысты. Алдағы уақытта бұл бағытта жергілікті тұрғындар арасында да кең көлемде сауалнама жүргізу жоспарлануда.

Тазалық-елге деген махаббаттың көрінісі

Ауданымызда «Таза Қазақстан» эко марафонының марапаттау рәсімі өтті.

Мақсаты-туған жердің табиғатын қорғау, экологиялық мәдениетті қалыптастыру, елді мекендердің тазалығын сақтау және тұрғындарды қоршаған ортаға жаныштықпен қарауға ша-

қыру.

Табиғатты аялауға, көшелеріміздің тазалығын сақтауға және экологиялық мәдениетті дамытуға үлес қосқан ең белсенді еріктілер мен ұйымдар арнайы марапаттарға ие болды.

«Созақ үні»-ақпарат.

ОТБАСЫ БАҚЫТЫ бар байлықтың қайнары

Созақ аудандық «Отбасын қолдау» орталығы мен ардагерлер кеңесінің ұйымдастыруымен ардагерлер үйінің мәжіліс залында «Отбасым-алтын діңгегім» атты дөңгелек үстел басында пікірлесу шарасы өтті.

Аталмыш дөңгелек үстелге аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қ.Еспенбетов, ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары М.Қайыржанова, «Отбасын қолдау» орталығының бөлім басшысы Біржан Саржан және орталық бөлімше басшылары мен қызметкерлері, «Сырлы Созақ» хор ұжымы мүшелері қатысты. Сондай-ақ шараның басты көйпкерлері ретінде арнайы шақырылған ерлі-зайыпты қонақтар Бекберген-Айсұлу Рысбаевтардың отбасы, Дәурен-Назерке Мәнтаевтардың және Батырхан-Айжан Төлбасиевтердің отбасы және аудан жастары қатысып отырды.

«Отбасым-алтын діңгегім» атты мәдени шараны аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Еспенбетов Қабылбек Аманбекұлы және «Отбасын қолдау орталығының» өкілі Біржан Саржан ашып, шараның басты мақсаты туралы тұжырымды



орындап шараға қатысушылардың көңілін бір серпілтіп тастады. Дөңгелек үстелге қатысушы отбасылардың арасындағы ең жас жанұя Дәурен мен Назерке болса, Батырхан-Айжан Төлбасиевтердің отбасы орта, Бекберген-Айсұлу Рысбаевтардың отбасы аға буын ретінде саналып, оларға өздерінің бүгінгі ортасына, жастарына сай түрлі сауалдар қойылып, бәтуәлі жауаптарын естіді.

Жігітті жолдасына қарап таны дегендей Дәуреннің досы, әрі сыныптасы Созақ ауданына белгілі, сегіз қыр-

сы ерен, мәні зор аталмыш жиынды қортындылаған аудандық «Созақ үні» газетінің бас редакторы Мақсат Жеңісұлы мен аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасының орынбасары, әжелер кеңесінің төрайымы Мәура Қайыржанқызы өздерінің көкейлерінде жүрген сауалдарын, ұсыныс пікірлерін әлеуметтің аламан көкпарына тастады.

Іс-шараның кең ауқымды, көрермен тарапына тартымды, танымды, қызықты өтуіне ат салысқан, шараның жақсы өтуі үшін барын салып жұмыс жасаған орталық



ойларын ортаға салды.

Арасында «Сырлы Созақ» хор ұжымының мүшесі Мұхамбетәлі Иманбеков ағамыз «Сырлы Созақ» хор ұжымы мүшелері керемет әндерді

лы, бір сырлы әнші, баяншы, «Созақ серілері» тобының белсенді мүшесі Рүстем Әлтековтің досы жайында әңгімесін тыңдадық.

Тақырыбы терең, мағына-

қызметкері Айжан Манабаеваның атына зор алғыстарын білдіріп, мәдени шараға келген қонақтар разы болысып тастады.

Мақсат ҚАРҒАБАЙ.

Жастарға арналған мемлекеттік бағдарламалар таныстырылды

Созақ аудандық «Жастар ресурстық» орталығы КММ-нің ұйымдастыруымен Тасты ауылдық округінде жастарға арналған маңызды іс-шара өтті. Шара барысында мемлекеттік қолдау бағдарламалары бойынша үгіт-насихат қағаздары таратылып, әрбір жастың мүмкіндігі мен құқығы кеңінен түсіндірілді.

Мақсат-жастардың мемлекеттік бағдарламаларға қатысуын арттыру, белсенділігін күшейту және болашаққа деген сенімін нығайту.

Таратылған материалдарда келесі бағыттар қамтылды: «Жастар практикасы», «Дипломмен-ауылға!», «Бастау бизнес», Тұрғын үй және жұмыспен қамту бағдарламалары. Іс-шараға қатысқан жастар өздерін қызықтырған сұрақтарға нақты жауап алып, пайдалы ақпараттармен бөлісті.

Осындай іс-шаралар алдағы уақытта да жалғасын табады.



Қазақ халқының кемеңгер ойшылы, хакім Абай Құнанбайұлы – ұлт руханиятының мәңгілік шамшырағы. Оның өлеңдері мен қара сөздері, әндері мен даналыққа толы өсиеттері ғасырлар бойы қазақ даласының бойтұмарына айналары анық. Өмірдің мәнін, адамның асыл қасиеттерін жырлаған Абай мұрасы–бүгінгі ұрпаққа да жол көрсетіп, сананы нұрландыратын рухани қазына іспетті.

Осы ұлы тұлғаның 180 жылдық мерейтойына орай,

мен айта аламыз.

Кеш соңында аудандық кітапхана директоры Нұржамал Әбілжанқызы қатысушыларға алғысын білдіріп, апталық аясындағы шараның мән-маңызына тоқталды. Қорытынды лебіз– алғыс пен тілегін рухани кешке өз үлестерін қосқаны үшін барлық қатысушы, ізгі тілегін жолдаған азаматтар мен азаматшаларға өз алғысын білдірген болатын.

Көрермен назарына ұсынылған Абай кітап көрмесі ақын мұрасына жаңа қыры-

АБАЙ ТҮНІ- рух пен өнердің тоғысқан сәті



«Кітапхана түні» мәдени жобасы аясында «Абай мұрасы – халық қазынасы» атты әдеби-рухани кеш ұйымдастырған болатын. Бұл– Абайдың мәңгілік өнері мен ойының түнгі аспан астында қайта жаңғырып, жүректерге жол тапқан ерекше сәттердің бірі және бірегейі бола білді.

Кештің шымылдығын ізгі лебізбен Аудан әкімінің орынбасары: Алтын Күнтуқызы ашып, Абайдың ұлт тарихындағы орнын, оның шығармашылығының тәрбиелік мәнін атап өтті. «Абай – әр қазақтың жүрегіндегі ұлы ұстаз» деген лебізі кештің рухын айшықтай түскен болатын.

Күміс көмей «Сырлы Созақ» ардагерлер хоры сахна төрінде Абай әндерін нақышына келтіріп орындады. «Желсіз түнде жарық ай», «Көзімнің қарасы», «Сегіз аяқ» сияқты туындылардың әр үні даланың самал желіндей гулеп Созақ шахарасында қалықтай түсті. Ата-әжелер сазы–халықтың жүрек үніне айналды десек артық болмас.

Кітапхана оқырмандары ақынның өлеңдерін мәнерлеп оқып, қара сөздерінен ғибратты ойлар жеткізді. Әрбір сөз–тыңдаушы жүрегіне сәуле шашқандай әсер етті. Ұлы ақынның жыры менен қарасөзінің құдіретінің шексіз екеніне де көзімізді анық жеткізе түсті.

Аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы: Қабыл Аманбекұлы мен Созақ ауданының құрметті азаматы: Пәрбек Сақтапбергәнұлы Абай мұрасының мәңгілік маңызы туралы тебірене сөйледі. Дана сөзден өрілген ой пікірлер кітапхана оқырмандарының жүрегіне арқау болды деп нық сенім-

нан үңілуге мүмкіндік берді. Бұл түн–ақын өнері мен рухы, сөзі мен сазы тоғысқан шынайы рухани мереке болып, қатысушылардың жүрегінде ұзақ сақталары анық. Әрине бұл Ұлы ақын, Абай Құнанбаев әлемі қазақ үшін әрқашан биік тұғырда екенін зор сеніммен қай кезде де болсын айта алатынымыз анық...

Ұлы ойшыл мұрасы қазаққа әр кезде де өз көмегін тигізері анық. Әрбір киелі шаңырақ кітапхана төрінде ғана емес барлық азаматтар мен азаматшаларға ой тиюіне насихаттауына, өзіміз өмір сүріп келе жатқан қоғамға Абай өлеңдері болсын, қара сөздері болсын, даналықпенен жазылған әрбір сөзі адам жан дүниесіне өлшеусіз білім, сана қосары анық. Сол себепті қолымыздан келгенше Абай Құнанбаевты оқып, оқып қана қоймай әрбір сөзін санамызға тоқып, нәтиже шығаратын болсақ, бізден бақытты, бізден бай адам болмас бәлкім...

Ұлы тұлғаны осындай іс – шаралармен ғана ұлықтап қана қоймай, күнделікті кітабын насихаттай жүріп, Абай ізімен жүруге тырысатын болсақ өміріміз басқа арнаға тоғысары деп мүмкін.

Қазақ ғана емес, әлем мойындаған Ұлы тұлғаны өз деңгейінде ұлықтауымыз біздер жас ұрпақтың ғана емес, бүкіл қазақтың парызы десек артық болмас. Кітапханада өткен «Абай түні» осы сөзіміздің айқын дәлелі деп нық сеніммен айта аламын.

Еркебұлан ДАЙРАБАЙ,
Созақ аудандық орталықтандырылған кітапханасының библиографы.

Аудандық сотта баспасөз конференциясы өтті



Созақ аудандық сотында ҚР Конституциясына 30 жыл толуы шарасы аясында және 2025 жылдың бірінші жартыжылдығын қорытындылау бойынша баспасөз конференциясы өтті. Баспасөз конференциясына аудандық сот төрағасы А.Дәуренбеков пен жергілікті БАҚ өкілдері қатысты.

Сот төрағасы А.С.Дәуренбеков баяндама жасап, онда 2025 жылдың бірінші жартыжылдығында сот төрелігін жүзеге асыру барысында атқарған жұмыстарды қорытындылап, 2024 жылдың бірінші жартыжылдығымен салыстырып өтті.

Төрағас сот төрелігін сапалы жүзеге асыру үшін аудандық сотпен бірқатар қажетті іс-шаралар өткізілуде, яғни, күрделі істер бойынша семинарлар, сот тәжірибесін талдау және жалпылау, заңнамадағы өзгерістер мен проблемалық мәселелерді жедел сот отырысында талқылау, тұрақты және болжалды сот тәжірибесін құру мақсатында сот актілерінің күшін жою және өзгерту себептеріне ұдайы мониторинг жүргізілетінін

айтып, істердің статистикалық деректеріне тоқталды.

Қылмыстық істер бойынша Созақ аудандық сотының өндірісіне 2024 жылдың бірінші жартыжылдығында 14 қылмыстық іс қаралса, ал 2025 жылдың бірінші жартыжылдығында 22 қылмыстық іс қаралған, яғни 8 іске көбейген. Азаматтық істер бойынша 2024 жылдың бірінші жартыжылдығында 356 іс қаралып аяқталған, ал 2025 жылдың бірінші жартыжылдығында 427 іске көбейген, яғни 71 іске артқаны байқалады. Түскен алаптардың көпшілігі отбасылық қатынастар мен шарттық міндеттемелерден туындаған даулар. Медиация тәртібімен 2024 жылы 108 іс аяқталса, ал 2025 жылы 88 іс аяқталған, 20 іске азайған. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша 2024 жылдың бірінші жартыжылдығында сотқа 116 әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс түссе, ал 2025 жылдың бірінші жартыжылдығында 154 іс түскен, яғни 38 іске көбейген. Әкімшілік істер 2024 жылдың бірінші жарты жылдығында сотқа 2 әкімшілік

талап қоюлар түскен аталған әкімшілік талап қоюлар жеке сот орындаушының іс-әрекетімен байланысты даулардан туындаған, ал 2025 жылдың бірінші жартыжылдығында талап қоюлар түспеген.

Сондай-ақ, медиацияны дамыту, іске асыру мақсатында зиялы қауым өкілдері, прокуратура, адвокатура, кәсіби және кәсіби емес медиаторлардың, жергілікті үкіметтік емес ұйымдар мен бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің қатысуымен 5 дөңгелек үстел, газет беттеріне 13 мақалалар жарияланған.

Бүгінгі таңда ауданда билер кеңесі құрылған. Қазіргі уақытта 25 билер жұмыстарын атқаруда. 8 Кәсіби, 50 кәсіби емес медиаторлар жұмыс атқарады.

Сонымен қатар, Созақ аудандық әкімдігінде медиация кабинеті ашылып, онда 2 кәсіби медиатор жұмыс атқаруда және ауыл әкімдіктерінде, Созақ аудандық сотында медиация кабинеттері бар.

Бұқаралық ақпарат жұмыстары бойынша газет беттеріне тұрақты түрде мақалалар жарияланып, әр түрлі тақырыптарда семинар сабақтары мен түсіндіру жұмыстары жүргізіліп отырады.

Жиын соңында сот төрағасы БАҚ өкілдерінің тарапынан сот әділдігін жүзеге асыру бойынша туындаған өзге де сұрақтарға жауап беріп, бұл шараның сот ісін жүргізуді әрі қарай жетілдіру, ашықтығы мен қолжетімділігін арттыру бағытында тұрақты түрде жүргізіліп отыратындығын атап өтті.

Нұрсұлтан ҚАНАТҰЛЫ.

Созақ аудандық Қоғамдық кеңес мүшелеріне және аудан тұрғындарының назарына!

Аудандық Қоғамдық кеңестің кезекті мәжілісі 2025 жылдың 27 тамыз күні сағат 10:00-де Созақ ауданы әкімдігінің бірінші қабат кіші мәжіліс залында өтеді.

1.Созақ аудандық білім бөлімі басшысының атқарылып жатқан жұмыстары туралы есебі.

2.Созақ аудандық полиция бөлімінің басшысының атқарылып жатқан жұмыстары туралы есебі.

3.Созақ аудандық орталық аурухана басшысының атқарылып жатқан жұмыстары туралы есебі.

4.Созақ ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі басшысының атқарылып жатқан жұмыстары туралы есебі.

5.Басқада мәселелер.
Қоғамдық кеңес мүшелерін тіркеу 27 тамыз күні сағат 9:00 де Созақ ауданы әкімдігінің бірінші қабат кіші мәжіліс залында жүргізіледі.

М.САПАРОВ,
Созақ аудандық Қоғамдық кеңес төрағасы.



«Менің Қазақстаным»-

Шәмші Қалдаяқовқа арналған әдеби-әуенді кеш

Қыземшек кенті модельді кітапханасы мен Мәдениет үйінің қызметкерлерінің бірлесуімен ҚР Конституциясына 30 жыл шарасы аясында қазақтың әйгілі композиторы, «қазақ вальсінің королі» атанған Шәмші Қалдаяқовтың туғанына 95 жыл толуына орай әдеби-әуенді кеш өтті.

Кеш барысында сазгердің өмірі мен шығармашылығына шолу жасалып, оның ел жүрегінде сақталған әсем әндері орындалды. Әнмен өрілген кеште «Арыс жағасында», «Бақыт құшағында», «Кешікпей келем деп едің», «Сыған серенадасы» секілді туындылар шырқалды. Сондай-ақ, ақындардың Шәмшіге арналған арнау өлеңдері оқылды.

Іс-шара аясында «Шәмші мұрасы-мәңгілік әуен» атты кітап көрмесі ұйымдастырылып, сазгер жайлы кітаптар, мақалалар, суреттер оқырмандар назарына ұсынылды.

Шәмшінің мұрасы–мәңгілік. Оның әндері әр қазақтың жүрегінде жаңғырып, ұлт рухын асқақтата берері сөзсіз.

«Созақ үні»-ақпарат.

Мақсатымыз бір, бағытымыз айқын

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» Жолдауында жергілікті өзін-өзі басқару мәселелеріне, соның ішінде қоғамдық кеңестердің қызметін өзгертуге айрықша назар аудару қажеттігін атап айтқан болатын. Бүгінде қоғамдық кеңестер жұмысы Мемлекет басшысы ұсынған «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасымен үйлесім тауып, олар мемлекет пен қоғамды байланыстырушы көпірдің біріне айналып отыр. Мұны «Қазақстан Республикасындағы қоғамдық кеңестердің қызметі туралы Ұлттық баяндама-2023» ресми құжатында келтірілген деректер айғақтайды. Мысалы, өткен жылдары «Қазақстандық қоғамдық даму институты» коммерциялық емес акционерлік қоғамы жүргізген әлеуметтік сауалнамаға қарағанда, қоғамдық кеңестерге жүгінудің нәтижелілігі туралы сұраққа респонденттердің 87,8 пайызы оң жауап берген. Бұл елімізде қоғамдық кеңестер жобасын іске асыру тиімді екенін көрсетеді. Бұған қоса, қоғамдық кеңестер қызметін оң бағалап жатқан тұрғындар саны да артып келеді. Дегенмен қоғамдық кеңестердің жұмысын бұқаралық ақпарат құралдарында жазып-көрсетіп, танымалдылығын арттыру ісі кемшін соғып тұрғаны рас. Созақ аудандық қоғамдық кеңесі халықтың әлеуметтік қорғалмаған топтарын қолдау, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, елді мекендерді абаттандыру мәселелерін шешуде тындырымды тірліктер атқаруда. Сондай-ақ өндірісті дамыту, мемлекеттік қызметтердің сапасын жақсарту, нашақорлық, қаңғыбастық сияқты теріс әлеуметтік құбылыстармен күрес, этносаралық және конфессияаралық келісімді сақтау, тұрғын үймен қамтамасыз ету, мәдениет және демалыс, шағын және орта бизнесті дамыту, құқықтық тәртіп пен қауіпсіздік, азық-түлік бағасын



реттеу, адам құқық қорғау, қоршаған ортаны қорғау, жұмыспен қамту, денсаулық сақтау, ғимараттар салу, жол салу және жөндеу, білім беру мәселелерін шешуде оң ықпалын тигізіп отыр.

Қоғамдық кеңес сыбайлас жемқорлықтың алдын алуда біршама жұмыстар атқарып, бөлімдердің, ауыл, кент әкімдерінің жоспарға сай есептерін тыңдап, нақты сауалдарын қойып, кейбір сәттерде қайта есебін тыңдап отырады. Сонымен қатар, құрылыс жұмыстары бойынша мердігер ұйымдардың атқарған жұмыстарының сапасына және кепілдік міндеттемелерінің сақталуына бақылауды күшейту жөнінде ұсыныстар берілді. Осыған орай республика деңгейінде «Қоғамдық кеңестер туралы» заңға мемлекеттік органдар басшыларына ҚК ұсынымдарына уәжді жауап беру үшін жауапкершілік жүктеу, сыбайлас жемқорлық фактілерін және мүдделер қақтығысын болдырмау мақсатында қоғамдық кеңестер мүшелеріне сатып алу рәсіміне қатысуға байланысты құқық беру, жергілікті деңгейде

құқық қорғау органдарының басшыларын тыңдауды ұйымдастыру және оның қорытындысы бойынша құқық бұзушылықтар мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске бағытталған шешімдер мен ұсынымдар қабылдау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға нормативтік-құқықтық актілердің жобаларына сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама жүргізу үдерісіне қоғамдық кеңестер мүшелерін қатыстыру мәселелері бойынша толықтырулар енгізу жөніндегі ұсыныстарды қолдайды. Және қоғамдық кеңестер мүшелері заңнаманы жетілдіру қоғамдық кеңестер қызметін жетілдірудің ең басты шарты деп санайды. Қоғамдық кеңестер сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды жандандыруға да ерекше назар аударып отыр. Созақ аудандық қоғамдық кеңес отырысында аудан әкімдігі бөлімдерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы атқарылып жатқан іс-қимыл жөніндегі мәселелер тұрақты талқыланып отырады. Әсіресе мердігер ұйымдардың атқарған жұмыстарының сапасына

және кепілдік міндеттемелерінің сақталуына бақылауды күшейту жөнінде ұсыныстар берілген. Жалпы республика бойынша халық арасында әлеуметтік зерттеуге сәйкес «Қоғамдық кеңес мүшесі болғыңыз келе ме?» деген сауалға респонденттердің 61,2 пайызы иә деп оң жауап берген. Бұл – қоғамдық сана жаңғырып, азаматтық қоғамның белсенділігі артып келе жатқанының айғағы. Сонымен қатар «Қазақстанның Азаматтық Альянсы» заңды тұлғалар бірлестігі қоғамдық кеңестер мүшелері арасында жүргізген сауалнама қоғамдық кеңестер жұмысына бюджет қаржысы жеткілікті қарастырылмағандықтан, оны қажетті ресурстармен қамтамасыз ету қажеттілігі туындағанын көрсеткен. Респонденттердің көпшілігі қоғамдық кеңестер жұмысына кәсіби сарапшыларды тарту үшін бюджеттен қаражат бөрудің маңыздылығын атап өткен. Өйткені қазір қоғамдық кеңестер жұмысына сараптамалық білімі бар белсенді азаматтарды тарту қиынға соғып тұр. Бұл ретте сарапшылар мемлекеттік органдардың қолдауы арқылы қоғамдық кеңестер мен үкіметтік емес ұйымдардың ресурстары мен әлеуеттерін біріктіру маңызды деп есептейді. Түрлі қиындықтарға қарамастан, өз жұмысын жолға қоя білген аудандық қоғамдық кеңес түрлі сынға алған мәселелерді аудан әкімдігімен, кеңес мүшелерімен бірлесе жедел шешуге белсенді түрде жұмылып, сондай-ақ мемлекеттік органдардан жауап алуда табандылық көрсету нәтижесінде жұртшылық арасында айтарлықтай беделге ие болып отыр. Түйіндей айтқанда, еліміздегі қоғамдық кеңестер қалыптасып, даму кезеңін бастан өткеріп жатыр. Ең бастысы қараша халықпен мақсатымыз бір, бағытымыз айқын.

Мұрат САПАРОВ,
Созақ аудандық қоғамдық кеңестің төрағасы.



«КҮЙ ҚҰДІРЕТІ» ЖАС КҮЙШІЛЕР БАЙҚАУЫ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ

Шолаққорған ауылындағы «Мыңжылқы» мәдениет сарайында дәулескер күйші, Созақ ауданының Құрметті азаматы Генерал Асқаровтың 85 жылдығына арналған облыстық «Күй құдіреті» жас күйшілер байқауы өз мәресіне жетті.

Күні бойы жалғасқан өнер додасында облыстың түкпір-түкпірінен келген жас күйшілер екі кезең бойынша бақ сынады. Алғашқы кезеңде қатысушылар Генерал Асқаровтың «Назқоңыр» кітабынан бір күй орындаса, екінші кезеңде Созақ өңірі күйшілерінің шығармасынан туын-

ды тартты.

Қазылар алқасы құрамында ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, профессор Жанғали Жүзбай, ҚР Еңбегі сіңген артисі Құндыз Қаламбаева, Түркістан облыстық мәдениет және халық шығармашылығы орталығының директоры Мейіржан Нұрғалиұлы, Шымкент саз колледжінің «Халық аспаптары-домбыра» бөлімінің меңгерушісі Жандос Қалдыбайұлы және дәстүрлі әнші, термеші Табиғат Генералқызы болды.

Шараның қорытынды бөлімінде қазылар алқасы мүшелеріне аудан әкімінің алғыс

хаты табысталды.

Қазылар алқасының төрағасы Жанғали Жүзбай байқаудың жас өнерпаздар үшін маңыздылығына тоқталып, олардың болашағына сенім білдірді. Сондай-ақ еңбек ардагері, ауданның Құрметті азаматы Пардабек Сақтапбергінұлы күйші Генерал Асқаров жайлы естеліктерімен бөлісіп, қатысушыларға ізгі тілегін жолдады.

Байқау жеңімпаздары төмендегідей анықталды:

- Бас жүлде – Әліпбек Дарын (Созақ ауданы)
- І орын – Тұрлыбай Нұрлы-

бек (Қазығұрт ауданы)

- II орын – Сейсенбаева Мөлдір (Созақ ауданы)
- III орын – Амантай Аян (Сарыағаш ауданы)

Сонымен қатар қатысушыларға Сүгір атындағы арнайы жүлде, Төлеген Момбеков атындағы арнайы жүлде, Генерал Асқаров атындағы арнайы жүлде және Аудан әкімінің арнайы жүлделері табыс етілді. Барлық жеңімпаздар мен қатысушыларға естелік сыйлықтар, грамоталар және сертификаттар табыс етілді.

Аудан әкімінің
баспасөз қызметі.

СОЗАҚ КОМАНДАСЫ ТОПТЫҚ КЕЗЕҢДЕ КӨШ БАСТАП КЕЛЕДІ



Футболдан әуесқой командалар арасындағы Түркістан облысы чемпионатының аймақтық іріктеу кезеңінде Созақ ауданының құрама командасы үш ойын нәтижесі бойынша топтық кезеңде көш басына көтерілді.

Алғашқы кездесуде Кентау қаласының командасын 3:1 есебімен ұтқан жерлестеріміз,


Екінші ойында Отырар командасын 2:1 нәтижесімен жеңіп шықты.

Ал Сауранмен өткен үшінші матчта 3:3 есебімен тең нәтижеге қол жеткізді.

Осылайша, үш ойыннан кейін Созақ командасы топтық кезеңде үздік көрсеткішпен көш бастап тұр.

Келесі шешуші кездесу 8 қыркүйек күні сағат 18:00-де Түркістан қаласындағы Октябрь Жарылқапов атындағы стадионда Түркістан командасына қарсы өтпек.

Мемлекет басшысы ұсынған «Жайлы мектеп» моделі – қазіргі заманғы оқыту стандарттарына сай бірыңғай кеңістік құру арқылы еліміздегі орта білімнің деңгейін жүйелі арттыруды көздеген стратегиялық бастама. Өткен жолдауында Президент: «Менің тапсырмаммен «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы жүзеге асырылып жатыр. 2025 жылдың соңына дейін заманауи үлгідегі 217 мектеп пайдалануға беріледі деп жоспарланған. Осы өте маңызды жұмысты «Самұрық-Қазына» қоры қадағалап отыр. Үкімет пен әкімдер бұл шаруаға белсене атсалысуға тиіс. Депутаттар да ортақ істен шет қалмайды деп ойлаймын. Үкімет жайлы мектептерді арнайы басқару жүйесін енгізуді ойластыруы керек. Сонымен бірге еліміздегі 1300 мектепке күрделі жөндеу жүргізу қажет. Үкімет әкімдермен бірге оны қаржыландыру көздерін анықтап, соның ішінде демеушілерден де қаражат тартып, 3 жыл ішінде бұл мектептерді толық жаңартуы керек. Мемлекет көпінді



Мектептің жеті оқушысы «Елбасы» медалының иегерлері атанды.

Жалпы мектептің облыстық, республикалық олимпиада да, ғылыми жоба жұмыстарының жетістіктеріне тоқталсақ, облыстық білім басқармасының ұйымдастыруымен «Халық қаһарманы» С.Нұрмағанбетовтің 100 жылдығына орай «Айбын-2024» Х-шы Республикалық әскери-патриоттық жастар жиынының облыстық іріктеу сайысында Алғыс хат иеленсе, ОББ-ның «Жас ұлан» республикалық әскери-спорттық ойынның облыстық кезеңінде жалпы командалық есеп бойынша жеңімпаз команданың ретінде «Теріскей тарландары» 2 дәрежелі дипломын иеленді. Облыстық ғылыми жоба байқауында 10-сынып оқушысы Имамусайн Інжу математика пәні бойынша 1-орын алды. Республикалық «Жарқын болашақ» олимпиадасының аудандық кезеңінде «Әнші-бұлбұлдар» бағыты бойынша 11-сынып оқушысы Мырзабек Зарина 1-орын иеленіп облысқа жолдама алды.

Барлығына қолжетімді сапалы білім стандарты

төлемдер үшін қыруар қаражат бөледі. Оның ішінде жекеменшік мектептерге берілетін қаржы да бар. Мысалы, 250 мыңнан астам бала оқитын жекеменшік мектептерге биылдың өзінде бюджеттен 134 миллиард теңге бөлінді. Ата-аналар мемлекеттің жеке меншік мектептерге нақты көмек беріп жатқанын білуге тиіс. Осыған орай әр балаға норматив бойынша бөлінген қаражат көрсетіліп тұруы қажет. Сонда азаматтарымыз әлеуметтік бағдарламаларға бөлініп жатқан қаржы туралы шынайы ақпараттан хабардар болады. Бұдан бөлек, мектептердің жұмысын жақсарту шараларын қолға алған жөн. Мұғалімдердің біліктілігін арттыруға және әлеуметтік мәртебесін көтеруге көңіл бөлген абзал. Ұстаздар – ұлттың зияткерлік қуаты. Олар білімді ұрпақ тәрбиелеу арқылы еліміздің өркендеуіне жол ашады. Үздік оқу бағдарламасы, заманауи мектептер, озық басқару жүйесі болса да, ұстаз білікті болмаса, оның бәрі бекер екені анық. Сондықтан педагогикалық жоғары оқу орындарына талапты, қабілетті жастарды қабылдауға баса мән беру керек. Жалпы, бұл бағыттағы жұмыстың беталысы жақсы, оны жалғастыру қажет. Баланы мектепке дайындау мәселесіне айрықша назар аударған жөн. Мектепке дейінгі тәрбие беру және оқыту ісіне мемлекетпен қатар ата-аналар да жауапты. Сондықтан мектепке дейінгі білім беру саласында әр балаға бөлінетін қаражат отбасының нақты табысына байланысты болуы керек. Осылайша, біз білім беру жүйесін одан әрі жетілдіру арқылы шын мәнінде мұқтаж азаматтарға көмек көрсетеміз және мемлекеттік қолдаудың ашық болуын қамтамасыз етеміз. Түптеп келгенде, азаматтарымыздың әлеуетін арттырамыз» деген болатын. Осы орайда оқу-ағарту министрі Ф.Бейсембаев Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте: «Бұл жоба-елімізде орта білім сапасын арттыруға және қала мен ауыл арасындағы алшақтықты жоюға бағытталған стратегиялық бастама. Бұл- жай ғана мектеп ғимараты емес, ұлт болашағы өсіп шығатын киелі білім ордалары. Сондықтан да ұлттық жоба аясында қалыптасатын білім ұйымдарын «Келешек мектептері» деп атауды ұсынып отырмын», - деп атап өтті.

Осы бастама аясында Созақ ауданының орталығы Шолаққорған ауылында салынған «Ыбырай Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектебінің» жаңа ғимараты пайдалануға берілді. Қара шаңырақ ата-аналар кеткен мектептің тарихы тереңде жатыр. Сонау 1906 жылы

өңірде белгілі Атабай байдың ауласында орыс-қазақ мектебі болып бой көтерген білім ордасы талай қилы кезеңдерді басынан кешірді. 1913 жылы осы мектептің қабырғасында діни оқу мектебі қатар ашылып, оқушыларды Ислам діні әлеміне, имандылық-инабаттылық иірімдеріне баули бастаған. Бұл мақсатта үш мұғалім тартылып, осы мектеп арқылы қалың бұқара санасын діни сәулемен нұрландыруға мейлінше күш салған. 1919 жылы қазақ-өзбек мектебі болып қайта құрылып, сабақ араб қарпімен оқытылды. 1925 жылы А.Луначарский есімі беріліп, мектеп ауқымы кеңейіп, 200-ге жуық бала білім алып, мұғалімдер қатары өсе түсті. 1960-1962 жылдар аралығында жаңа мектеп құрылысы салынып, жаңа сәулетті мекенге қоныс аударды.

Аталған мектептің соңғы ескі ғимаратының іргетасы қаланғанына жарты ғасырдан астам уақыт болыпты.



Дәлірек айтқанда 63 жыл болған. 1962 жылдан бастап тұңғыш ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсарин есімімен аталып, ауданымыздағы №1 орта мектеп болып келді.

«Жайлы мектеп» атауынан «Келешек мектеп» болып өзгерген жоба аясында салынған мектебіміздің ерекшелігі қазіргі заман талабына сай тегін, сапалы білім беруді мақсат етеді. Бұл мектептің техникалық базасының жақсартылуы ғана емес, балалардың шығармашылық және зияткерлік қабілетін ұштайтын кеңістік қалыптастыруды көздейді.

Мектебімізде Робототехника кабинеттері, STEM зертханасы, хореография залы, коворкинг алаңы, жаңа форматтағы кітапхана, 3 спорт залы, алғашқы әскери дайындыққа арналған алаң оқушылардың шы-

ғармашылық қабілетін шыңдауға, әрқайсысына бойындағы таланты мен мүмкіндігін мектеп қабырғасынан танып, ашуға арналған.

Әрине, бұл мектептің миссиясы бірыңғай заманауи стандарт, заманауи технологиялар, күшейтілген қауіпсіздік режимі, бәріне қолжетімді, тең мүмкіндіктер, оқытудың заманауи тәсілдері, ерте жастан кәсіби бағдар беруге арналғандығын айта кету керек.

Бүгінгідей жаһандану жағдайында мемлекет пен адам озық бәсекеге сай болуы үшін ең бірінші білім мен ғылымды өркендетуде болашақ ұрпақтан күтеріміз көп. Сондықтан да осы жас ұрпақтың бойына терең білім мен рухани құндылықты қатарды сусындатып жүрген білікті ұстаздар да бар. Мектепте 136 педагог кадр жұмыс жасайды.

«Педагог» санатында-37 мұғалім, «Педагог-модератор»-41 мұғалім болса, «Педагог-сарапшы»-27 мұға-

лім, «Педагог-зерттеуші»- 27 және 4 «Педагог-шебер» жұмыс атқаруда.

Мектепте 1292 оқушы білім алады. Бейіндік оқытуды ұйымдастыру бойынша мектептегі 10-11 сынып оқушылары қоғамдық-гуманитарлық, жаратылыстану-математикалық бағытта дәріс алады. Оқушылар түрлі пәндік олимпиада мен ғылыми жобалар байқауына қатысып, Республика көлемінде жүлделі орындарға ие болуда.

Осы тұрғыда ұстаздар әр баланың жеке дамуына және ішкі әлеуетін ашуға мүмкіндік туғызуы шарт.

Ең бастысы- «Келешек мектептері» арқылы сапалы адам капиталын қалыптастыруға өлшеусіз үлес қосып, білімге инвестиция салу арқылы елдің ертеңіне инвестиция құятынымызды ұмытпағанымыз абзал.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жоба жұмысының 3 орын иегері Берікбай Құралай Сержанқызы, жалпы білім беретін пәндер бойынша пәндік олимпиаданың (ағылшын тілі) облыстық кезеңінде 1 орын иегері Ізбасар Құралай Роланқызы, IX кезекті математика пәнінен «Алтын сақа» олимпиадасының аудандық кезеңінде 1 орын оқушысы Шәкір Інжу, Қырдырбек Айкүнім (4 сынып оқушылары), Облыстық шығармашылық бәйгеде 11-сынып оқушысы Аманғалиева Еркеназ Алғыс хатпен марапатталды.

Облыстық «Ауыл» олимпиадасында Нысанбай Гүлнұр 3-орынмен, 11-сынып оқушысы Әбдісамат Әсем 2-орынды, 11-сынып оқушысы Аманғалиева Еркеназ бен 11-сынып оқушы Айтқұл Мереке 3-орынды иеленді. Республикалық «Юниорс» олимпиадасының аудандық кезеңінде Әбілдә Ботакөз 3-орын, облыстық «Жарқын болашақ» олимпиадасының «Әнші-бұлбұлдар» бағыты бойынша Мақсатқызы Нұрилла 3-орынды қоржынға салды. Ал облыстық білім басқармасының «Педагогикалық дуэт-2024» байқауында Көлшікбаев Сәрсенбек, Боранбаева Салтанат алдыңғы үштіктен көрінді. Облыстық шебер мұғалімдер арасында өткізілген «Үздік сабақ» байқауында 2 орынмен география пәнінің мұғалімі Ерманова Сауле Тұрарқызы көзге ілінді. Облыстық 2-4 сынып оқушыларына арналған «Бастау» XVIII республикалық олимпиадасының облыстық кезеңінде 4 сынып оқушысы Мерекебай Бейбарыс 3 орын иеленді. Облыстық жалпы білім беретін пәндер бойынша 7-8 сынып оқушыларына арналған республикалық олимпиаданың облыстық кезеңінде 7 сынып оқушысы Қанатұлы Нұрислам 2 орынды місе тұтты. Республикалық «Ұлы дала дарыны» байқауында Ердебай Сания, Ерғешбай Сезім мен Қалау Еркеназ үшеуі де 1-орынды иеленсе, облыстық 5-6 сыныптар арасында өткен пәндік олимпиадада Махамбай Айда мақтау қағазымен марапатталды.

Жалпы ауданда білім саласының дамуы жаман емес. Мемлекет барынша жас ұрпақтың лайықты білім алуларына қолдан келер игілікті істерін жасауда. Мұғалімдерге де жағдай жасалып жатыр. Ендігі кезекте ұстаздар мен ата-аналар тарапына артылар жүктің салмағы басым екені анық.

Мақсат ҚАРҒАБАЙ.

Ұжымдық шарт бойынша не білу керек?

Ата Заңымызда адам және оның құқықтары қоғамның басты байлығы деп көрсеткеніндей азаматтардың құқығы бірінші кезекте қорғалуы тиіс. Осы орайда Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 156-бабында «Ұжымдық шарттың тараптары» және «Ұжымдық келіссөздер жүргізу, ұжымдық шартты әзірлеу және жасасу тәртібі» көрсетілген.

Ол бойынша аталған бапта жұмыс беруші және жұмыскерлер атынан белгіленген тәртіппен уәкілеттік берілген олардың өкілдері ұжымдық шарттың тараптары болып табылатыны айтылған.

Ұжымдық келіссөздерді бастау және ұжымдық шарт жасасу туралы ұсынысты тараптардың кез келгені жасауы мүмкін.

Екінші тараптың ұжымдық шарт жасасу жөніндегі келіссөздерді бастау туралы ұсынысы бар хабарламасын алған тарап оны он жұмыс күні ішінде қарауға және осы баптың 4-тармағында белгіленген тәртіппен келіссөздерге кірісуге міндетті.

Ұжымдық шарт шетелдік заңды тұлғалардың ұйымдарында да, филиалдары мен өкілдіктерінде де жасалуы мүмкін. Ұйымда бір ұжымдық шарт жасалады.

Ұжымдық келіссөздер жүргізу және ұжымдық шарттың жобасын әзірлеу үшін тараптар тепе-теңдік негізде комиссия құрады. Комиссия мүшелерінің саны, оның дербес құрамы, жобаны әзірлеу және ұжымдық шарт жасасу мерзімдері тараптардың келісімімен айқындалады.

Кәсіптік одақтың мүшелері болып табылмайтын жұмыскерлер жұмыс берушімен өзара қарым-қатынастарда өздерінің мүдделерін білдіру үшін кәсіптік одақтың органына уәкілеттік беруге құқылы.

Ұйымда жұмыскерлердің бірнеше өкілдері болған кезде, олар комиссия жұмысына қатысу, ұжымдық шартты талқылау және қол қою үшін бірыңғай өкілді орган құрады.

Комиссия дайындаған ұжымдық шарттың жобасы ұйым жұмыскерлерінің міндетті түрде талқылауына жатады. Комиссия келіп түскен ескертпелер мен ұсыныстарды ескере отырып, жобаны пысықтауға тиісті.

Тараптардың келісіміне қол жеткізілген кезде, ұжымдық шарт кемінде екі данада жасалады және оған тараптардың өкілдері қол қояды.

Ұжымдық шарттың жекелеген ережелері бойынша тараптар арасында келіспеушіліктер болған кезде олар туындаған күннен бастап бір ай ішінде тараптар бір мезгілде



Ұжымдық шарт

келіспеушіліктер хаттамасын жасай отырып, келісілген талаптармен ұжымдық шартқа қол қоюға тиіс. Ұжымдық келіссөздер барысында туындаған келіспеушіліктер өзгерістер мен толықтырулар енгізу кезінде оларды реттеу бойынша бұдан кейінгі ұжымдық келіссөздердің нысанасы болуы мүмкін.

Ұжымдық шартқа өзгерістер мен толықтырулар осы бапта оны жасасу үшін белгіленген тәртіппен тараптардың өзара келісуі бойынша ғана жүргізілуі керек.

Егер алынған мәліметтер мемлекеттік құпияларды, қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын болса, ұжымдық келіссөздер тараптары олардың жария етуге құқылы емес.

Ұжымдық келіссөздер тараптары келіссөздер жүргізу кезінде жалақысы сақтала отырып, еңбек міндеттерін орындаудан босатылуы мүмкін.

Жұмыс беруші тараптар қол қойған ұжымдық шартты қол қойылған күнінен бастап бір ай ішінде мониторинг жасау үшін аумақтық еңбек инспекциясы бөлімшесіне ұсынуға міндетті.

Ал, осы кодекстің 157-бабында ұжымдық шарттың мазмұны мен құрылымы туралы айтылған.

Ұжымдық шарттың мазмұны мен құрылымын тараптар бас, салалық және өңірлік келісімдерге сәйкес айқындайды.

Ұжымдық шартқа:

1) еңбекті нормалау, еңбекке ақы төлеу жүйелері, жұмыскерлерге, оның ішінде ауыр жұмыстарда, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстарда істейтін жұмыскерлерге арналған тарифтік мөлшерлемелер мен айлықақылар, үстемеақылар мен қосымша ақылар мөлшерлері туралы;

2) разрядаралық коэффициенттерді белгілеу туралы;

3) жұмыс уақыты мен тыны-

ғу уақытының ұзақтығы, еңбек демалыстары туралы;

4) саламатты және қауіпсіз еңбек пен тұрмыс жағдайлары жасау туралы, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру көлемі туралы, денсаулық сақтауды жақсарту туралы;

5) кәсіптік одақтың қызметі үшін жағдай жасау туралы;

6) ұжымдық шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі туралы;

7) жұмыскерлер мен жұмыс берушінің ұжымдық шарттың орындалуын бақылауы және ол үшін жауаптылығы туралы;

8) жұмыс берушінің жұмыскерлер өкілдерінің пікірлерін есепке алуды талап ететін актілері туралы;

9) Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексында белгіленген зейнеткерлік жасқа толған адамдарды ауыр жұмыстарға, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстарға жіберу тәртібі туралы ережелер енгізіледі.

Ұжымдық шартқа:

1) еңбекті ұйымдастыруды жақсарту және өндіріс тиімділігін арттыру туралы;

2) жалақыны индекстеу тәртібі туралы;

3) босатылатын жұмыскерлердің жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету, оларды даярлау, біліктілігін арттыру, қайта даярлау, кәсіптік біліктілігін тану және жұмысқа орналастыру туралы;

4) даярлаудан, қайта даярлаудан, кәсіптік біліктілігін арттырудан және танудан өтетін жұмыскерлерге, сондай-ақ жұмысты оқумен қоса атқаратын жұмыскерлерге берілетін кепілдіктер, жеңілдіктер мен өтемақы төлемдері туралы;

5) жұмыскерлердің тұрғын үй және тұрмыстық жағдайларын жақсарту туралы;

6) жұмыскерлерді сауықтыру, санаторий-курорттық емдеу және олардың демалысы туралы;

7) кәсіптік одақ органдарына сайланған жұмыскерлерге,

сондай-ақ сайланбалы өкілдерге кепілдіктер және олардың қызметін жүзеге асыру үшін жасалатын жағдайлар туралы;

8) кәсіптік одақ мүшелері болып табылатын жұмыскерлермен еңбек шарты бұзылған кезде кәсіптік одақ органының уәжді пікірін ескерудің тәртібі туралы;

9) жұмыскер зейнеткерлік жасқа толған кезде жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек шартын бұзған жағдайдағы өтемақы төлемі туралы;

10) жұмыс берушінің орналасқан жерінен немесе жиналатын жерден жұмыс орнына дейін және кері қайтқанда жұмыскердің жолда болған уақыты үшін өтемақы төлемі туралы;

11) Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне сәйкес жүзеге асырылған, жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты табысынан айырылған жағдай бойынша төленетін әлеуметтік төлем сомасын шегергендегі орташа жалақысын сақтай отырып, жүктілікке және босануға байланысты демалысқа, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алған жұмыскерлерге берілетін демалысқа ақы төлеу туралы;

12) жұмыскерлер мен жұмыс берушінің өздері келтірген нұқсан үшін жауаптылығы туралы;

13) ерікті зейнетақы жарналары туралы;

14) жұмыскерлерді және олардың отбасыларын медициналық сақтандыру кепілдіктері туралы, қоршаған ортаны қорғау туралы;

15) сақтандыру ұйымымен зейнетақы аннуитеті шартын жасасу үшін жұмыскердің қаражаты жеткіліксіз болған жағдайда, оның пайдасына жұмыс берушінің қаражаты есебінен ерікті зейнетақы жарналарын жүзеге асыру туралы;

16) жұмыскерлерді Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының негіздеріне оқыту жөніндегі іс-шаралар туралы;

17) жәрдемақылар мен өтемақы төлемдері, оның ішінде еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғалар кезіндегі төлемдерді төлеу туралы;

17-1) үш жасқа дейінгі баласы (балалары) бар ата-аналарға және өзге де заңды өкілдерге, сондай-ақ медициналық қорытындыға сәйкес отбасының науқас мүшесіне күтім жасауды жүзеге асыратын жұмыскерлерге берілетін кепілдіктер мен жеңілдіктер туралы;

18) тараптар айқындаған және осы Кодексте айқындалған басқа да мәселелер бой-

ынша жұмыскерлер мен жұмыс берушінің өзара міндеттемелері енгізілуі мүмкін.

Ұжымдық шарт Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен, бас, салалық, өңірлік келісімдермен салыстырғанда жұмыскерлер жағдайын нашарлатпауға тиіс. Мұндай ережелер жарамсыз деп танылады және қолданылмауға тиіс.

Сондай ақ, кодекстегі 158-бапта Ұжымдық шарттың қолданылу мерзімдері, аясы және тараптардың жауаптылығы көрсетілген.

Ұжымдық шарт тараптар айқындайтын мерзімге жасалады.

Егер ұжымдық шарттың ережелерінде өзгеше көзделмесе, ол қол қойылған кезден бастап күшіне енеді және тараптардың орындауы үшін міндетті болады.

Ұжымдық шарттың қолданылу мерзімі өткен жағдайда, ол тараптардың ең болмағанда біреуі оның қолданылу мерзімі өткенге дейін жаңа ұжымдық шарт жасасу туралы ұсыныс енгізген кезде жаңа ұжымдық шарт жасалғанға дейін, бірақ бір жылға дейінгі мерзімнен аспайтын мерзімге ұзартылған болып саналады.

Ұжымдық шартта осы тармақтың екінші бөлігінде белгіленген мерзімді шектемей, оны жаңа ұжымдық шарт жасалатын күнге дейін ұзарту көзделуі мүмкін.

Ұжымдық шарттың күші жұмыс берушіге және солардың атынан ұжымдық шарт жасалған ұйым жұмыскерлеріне және оған қосылған жұмыскерлерге қолданылады. Қосылу тәртібі мен шарттары ұжымдық шартта айқындалады.

Ұйым таратылған, ол банкрот деп жарияланған кезде ұжымдық шарттың қолданылуы барлық жұмыскерлермен еңбек шарттары тоқтатылған күннен бастап тоқтатылады.

Тараптар өкілдерінің ұжымдық шарт жасасу, өзгерту, толықтыру жөніндегі келіссөздерге қатысудан жалтаруы немесе ұжымдық шарт жасасудан негізсіз бас тартуы, келіссөздер жүргізу мерзімдерін бұзуы және тиісті комиссияның жұмысын қамтамасыз етпеуі, келіссөздер жүргізу және ұжымдық шарт ережелерінің сақталуын бақылауды жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты бермеуі, сол сияқты оның талаптарын бұзуы немесе орындамауы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

Мұрат ТӨЛЕНДИЕВ,
Түркістан облысы бойынша мемлекеттік еңбек инспекторы.

Мемлекеттік тілге лайықты құрмет

ҚР Конституциясында атап көрсеткеніндей Қазақ тілі-Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі, қазақ халқының ана тілі, шексіз бай, шрайлы, тегеуіріні мықты, көркем, дана, рухани бай. Ана тілінің қадір-қасиетін біле білген халқымыз оны ұлттың рухына, қазына байлығына балайды. Тіл-халықтың жаны, сәні, тұтастай кескін-келбеті, ұлттық болмысы. Әр аразматтың өз құқықта-

рын сот, құқық қорғау органдары, мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында мемлекеттік тілде қорғай алуы оның конституциялық құқығы.

Мемлекет басшысының «Өз тілің-бірлік үшін, өзге тілдер тірлік үшін» деген сөзінің астарында да біраз мағына жатқанын көзқарақты, көкірегін ояу азаматтардың айтқызбай түсінетіні анық. Мемлекеттік тілдің

бұзылуына байланысты бізде жиі кездесетін, орын алған фактілер болатыны жасырын емес.

Соттардағы мемлекеттік тілде қаралатын азаматтық істердің үлесін көбейту үшін, сотқа берілетін азаматтардың талап қоюларын адвокаттар мен заңгер-консультанттардың мемлекеттік тілде дайындауы да өте маңызды. Қазіргі таңда азаматтық істерді соттарда мемлекеттік

тілде қарау толық мүмкіншілік бар. Тек заңгерлеріміздің ана тілімізге деген жанашырлығы мен құрметі жоғары болса болды. Мәңгілік ел боламыз десек, ата-бабамызбен жалғасып келе жатқан ұлттық рухымызды шыңдап, ұлтымызға тән қадір-қасиетімізді сақтай отырып, қазақ тілінің мәртебесін көтеруге бәріміз бір кісідей атсалысуымыз қажет. «Өзге тілдің бәрін біл өз тіліңді құрметте».

Қ.КӨБЕТАЕВА,
Созақ аудандық соты әкімшісінің бас маманы.

Тамақтан улану және алдын алу жолдары

Көктем, жаз айларында тамақтан улану жиі тіркеледі. Тамақтан, яғни астан улану – тағам арқылы берілетін этиологиясы сан алуан кеселдер тобына жатады. Тамақтан улану-табиғаты микробты және микробсыз болып бөлінетін, ластанған тағамдарды қолдану салдарынан пайда болатын, қарым-қатынас арқылы жұқпайтын ауру.

Жүрек айнуы, құсу, температураның көтерілуі, денедегі ауырсыну және бас ауруы—уланудың негізгі белгілері. Азық-түлікпен улану немесе тамақтан улану—сапасыз өнімдерді пайдаланудан болатын ауыр жағдай. Тамақтан улануға мерзімі өткен сүт өнімдері, нитраттары көп тағам өнімдері, жабық консервілер—бірден-бір себеп. Тамақтан улану кезінде іш ауырады, жүрек айнуы, құсу, іш өту, денедегі әлсіздік болады. Қазіргі уақытта адам кез келген жерден улануы мүмкін. Мысалы, белгісіз құрамды етпен дайындалған фаст-фуд тағамдары, салаттар, бәліштер және шаурма микроорганизмдердің ортасы саналады. Тамақ токсикоинфекциясы, яғни тағамнан улану микроорганизмдері, олар тамақтан улануды тудыратын микроорганизмдерге іріңді қабыну процестерін тудыратын коктар (стрептококтар, стафилококтар), ботулизм бактериялары, шигеллалар, сальмонеллалар.

Тамақтан улануды болдырмау үшін тамақтану гигиенасының, тағамды сақтау мен дайындаудың қарапайым ережелерін орындау қажет:

- жеке гигиена ережелерін сақтау;
- қолды жиі жуу, әсіресе қоғамдық орындар мен дәретханаға барғаннан кейін;
- тамақ дайындау кезінде бір рет қолданылатын резеңке қолғапты қолдануға болады;
- ас үй ыдысын, плитаны, үстелдің бетін, раковинаны, тақтайшаларды арнайы құралдармен жуу және таза ұстау;
- тамаққа қолданылатын өнімдерді өңдеу және сақтаудың барлық ережелерін сақтау тиіс;
- жаңа және дайын өнімдерді өңдеу үшін әр түрлі пышақ пен кесу тақтайларын пайдалану керек;
- өнімдерді жәндіктер мен кеміргіштерден қорғау. Азық-түлік ашық жерде, еденде сақталмау тиіс;
- өнімдерді ауаның түсуінен барынша оқшаулап, ыдысты қақпақпен жауып, ыдыс-аяқ пленкамен жабылу қажет;
- қоқыс шелегін дезинфекциялау құралдарымен өңдеп, оны қақпақпен жауып, қоқыстан жиі босату керек;
- ұсақ туралған ет пен балықты суда ерітуге болмайды;
- Тамақтан уланудың алдын алу, олардың салдарларымен күрескеннен гөрі, тамақ сатып алудан бастап тамақтанғанға дейінгі барлық кезеңдерде алдын алу шараларын сақтау, тамақтан улануға жол бермейді.

А.КУЛМЕНОВ,

ҚР ДСМ СЗБК «ҰСО» ШЖҚ РМК ТО бойынша филиалы Созақ аудандық бөлімше зертхана меңгерушісі.

С.БЕКТІБАЕВА,

Бактериологиялық және паразитологиялық зерттеулер зертханасының зертханашысы.

Жарамсыз деп танылсын

Таукент кентінің тұрғыны Асанов Марал Көбешұлының иелігіндегі №1 ықшам ауданы 158 үй, 46 пәтердің құжаттары (техникалық тексұжаты, сату-сатып алу шарты, мемлекеттік актісі) жоғалған. Жарамсыз деп танылсын.

АС ҮЙДЕ ОТТЫ ПАЙДАЛАНУ КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ

Ас үйде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін біз мыналардың естен шығармауыңызды ұсынамыз:

Қараусыз қалып, пісіп жатқан тамақ өрттің шығуына себепші болуы мүмкін. Егер сіз тамақ пісіріп жатқан уақыт аралығында асуіден шығуыңыз қажет болса, плитаны сөндіруіңіз қажет.

Балалардың сіз ас әзірлеп жатқанда конфорка мен электр пештеріне жақын келуіне жол бермеңіз. Плитаның жанына қорғағыш бұйым орнатуды ойластырыңыз.

Ас үй ормалын, қолғап пен өзге де тұтанғыш материалдарды пештер мен электр плиталарынан қауіпсіз жерде ұстаңыз.

Тамақ дайындап жатқан майды абайлап қолданыңыз. Майды асықтай қыздырып, ыңғайлы өлшемдегі ыдыста қолданыңыз. Майдың шашырауына жол бермеу үшін жалынды қатты қыздырмау қажет.

Су жанып жатқан майды өшірмейді – жанып жатқан майдың үстінен ешқашан су құймаңыз. Жанып жатқан майдың үстіне құйылған су оның одан әрі тез таралып, күйікке шалдығуға әкеледі.

Егер тамақ әзірлеп жатқан май жанып кетсе, онда конфорканы өшіріп, ыдыстың қақпағын жауып, оған ауаның өтуіне жол бермеңіз. Ыстық майы бар не майы жанған ыдысты үйге кіргізбеңіз, өйткені жалынның өршіп, сізді күйікке шалдықтыруы мүмкін. Қақпағын алмас бұрын майдың сууын күтіңіз, өйткені май қайта жануы мүмкін.

Егер ас үйде өрт шығып, оны өзіңіздің сөндіруіңіз мүмкін емес екенін түсінсеңіз, құралды өшіріп, дереу «101» телефоны арқылы өртке қарсы қызметіне хабарлаңыз.

Ас әзірлейтін жабдықтың ас әзірлеген соң өшірілгеніне көз жеткізіңіз.

Барлық электр құралдарының ақаусыз күйде екеніне көз жеткізіңіз.

Ас үйге арналған арнайы түтін хабарлағыштар бар. Осындай хабарлағыш орнатуды да ойластырыңыз. Бірақ, пісіп жатқан тамақтан шығатын бу жалған дабылдың себепшісі болуы мүмкін екенін естен шығармаңыз.

ӨРТ ШЫҚҚАН ЖАҒДАЙДА «101» ХАБАРЛАҢЫЗ

Төтенше жағдайлар бөлімі.

Бала-біздің болашағымыз, баланы қауіп қатерден қорғау біздің әрқашан есімізде бола бермейді, ең үлкен қателік баланың сіріңкемен немесе электр қондырғыларымен ойнауы. Баланың тентектігінің нәтижесінде материалдық үлкен шығын және баланың денсаулығына зиян немесе орны толмас қайғылар болып жатады. Бәрімізде білеміз, қосылған күйде ұмытылып қалған үтік, бала-

Оның соңы кейде орны толмас оқиғалармен аяқталып, әсіресе, жас жеткіншектердің осындай қайғылы жағдайлардан кейін қайтыс болып жататыны бізді қатты қынжылтады. Өрт – бұл адамдардың өмірі мен денсаулығына, және материалдық қындылықтардың жойылуына алып келетін, бақылаусыз жану процесі болғандықтан, оның зақымдаушы факторлары бар. Олар: түтін, улы газ-

Балаларды өрттен қорғайық!

ның қолына түскен шырпы қандай жағдайға әкелетіні белгілі. Сонда да, осы себептерден өрттердің пайда болуы қайталана береді. Баланның отпен ойнауына тиым салу тек қана өрттің алдын алу емес, балалардың бақытты қауанышты өмірі екенін естерімізден шығармаған жөн. Адамдар әлі де болса үйге балаларын жалғыз, үлкендердің бақылаусыз тастап кетіп жатады, әрине, оларды кінәлаудан аулақпыз. Өйткені, әркім өз қамы үшін, күнкөріс жағдайымен жұмысқа кетеді. Ал, балаларын бақшаға берейін десе, кезегі келмей жатады. Сосын амалдың жоқтығынан осындай әрекеттерге барады.

дар, жоғары температура, конструкциялардың қирауы, тоқпен зақымдану. Демек, отты жақсы қызмет еткендей етіп пайдалануымыз керек те, оның бізге қожалық етуіне жол бермеуіміз керек. Отпен абай болыңыз! Өз үйіңізді және мүлікіңізді өрттен сақтаңыз! Өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау – Сіздің үйіңіздегі береке мен тыныштықтың кепілі.

Нұрасыл САРТАЙ,
Созақ ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі аға инженері, азаматтық қорғау аға лейтенанты.

Консервіленген өнімдердің тағамдық қауіпсіздігі

Ботулизм—құрамында Clostridium botulinum бактерияларының уы (токсині) бар тағамдарды тұтыну кезінде туындайтын тағамдық улану. Ботулизм микробтары спора түрінде кең таралған. Споралар сыртқы ортада ұзақ уақыт сақталады, мұздатуға және кептіруге төзімді. Жемістер мен көкөністерге, азық-түлікке, үй жануарларына арналған жемге немесе ағзаның ішектеріне (мысалы, балықтардың) түскен жағдайда споралар оттегі болмаған кезде вегетативті түрге айналады және токсин құрайды. Токсин 80 градус температурада 30 минут ішінде, 100 градус температурада 10 минут

ішінде бұзылады. Ауру бірнеше сағаттан 5 тәулікке дейін дамиды. Науқас айналадағы адамдар үшін қауіп төндірмейді. Иммунитет қалыптаспайынша, қайта жұқтыруы ықтимал. Аурудың басталуы әдетте жіті болып келеді. Науқастар іштің ауырсынуына, жүрек айнуына, құсуға, дене қызуының жоғарылауына, нәжістің бұзылуына шағымданады, содан кейін метеоризм, іш қату, іштің толуы, ауыздың құрғауы, бұлшықеттердің әлсіздігі, көру қабілетінің бұзылуы дамиды. Тек өнеркәсіптік дайындалған консервілерді тұтыну ботулизмнің алдын алудың ең дұрыс жолы болып табылады, үйде дайын-

далған консервілерді қолдан сатып алуға, бүлінген көкөністер мен жемістерді консервілеуге жол берілмеуі тиіс. Консервіленген банкаларды ашпас бұрын оларды тексеру керек ыдыста ботулизм қоздырғышы дамыған кезде түбі мен қақпағы ісінуі мүмкін. Тағамды дастарханның үстіне қоймас бұрын азық-түлік өнімдері және кез келген консервілерді қайнату, пісіру, қуыру ботулизмнің, басқа да ішек ауруларының және тамақтан уланудың алдын алудың негізгі шарасы болып табылады.

Х.ОСПАНОВ,

Созақ аудандық СЗББ басшысы.

Тылсым табиғат-тыныштық бесігі

Бүгінгі таңда ауа райы қатты ысып, жер жаһанды жалыны шарпып тұр. Құраған шөптер, далалы жерлер сарғайып күздің алғашқы белгілері біліне бастады. Салқын сая іздеп, салқын суға түсіп ауыл, елді мекен тұрғындары табиғат аясына шығып демалғанды жөн көреді. Жалпы ақпарат көздерінде «анда өрт тұтады, мұнда өрт шықты» деген жағымсыз жаңалықтар түрлі төтенше жағдайларды естігенде жан түршіктіреді. Сол апаттардың ішінде өрттің алдын алу әрбір аудан тұрғындарына маңызды. Өрттің қауіпті маусымының басталуына байланысты тау бөктеріне жапсарлас орналасқан ауыл тұрғындары арасында жыл сайын ерте көктемде жиналыс өткізіледі. Осы жиынға қатысқан Созақ аудандық орман шаруашылығы мемлекеттік мекемесінің қызметкерлері мен мамандары жиында айтылған мәселелер жөнінде толық мәліметті сұраған еді. Ол жында ауыл тұрғындарына өрттің зияны мен қауіпсіздігін сақтау туралы; отты тек қана арнайы жерде жағуға, пайдаланғаннан кейін сумен немесе топырақпен сөндіру қажеттігі туралы және т.б. қауіпсіздік ережелері туралы түсіндірме жұмыстары жүргізу, сөндірілмеген темекі тұқылын тастауға; кішкентай балаларға күкірт беруге; бөтелке сынықтарын тастауға қатаң тыйым салынатындығы жайлы ескертулердің түсіндірілгенін айтты. Сондай-ақ, өртті болдырмау үшін тыйым салынатын бірқатар іс-әрекеттер туралы да жиналыс барысында кеңінен айтылыпты. Тау бөктерінде отырған малшыларымызға осы өрттің зияны мен қауіпсіздігі туралы да қағаз жүзінде ескертулер берілгенін атап өтті.

Асхат ТҰРМАХАНОВ,

Созақ аудандық орман шаруашылығы мекемесінің күзетші-қорықшысы.

Сексеуіл құмды алқаптың қорғаны

Қазіргі уақытта аудан көлемінде көптеген жеке азаматтар заңсыз сексеуіл ағашын тамызық отынға пайдалануға рұқсатсыз сындырады. Тіпті олар үйіне қыдырып келген қонақтарын да өздерімен бірге заңсыз аңшылыққа алып шығады. Бұл үлкен қылмыстық жауапкершілікке апарып соғады. Осы кезде олар от жағып, түрлі ас мәзірлерін әзірлеп жүрген сәттерінде өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтай бермейді. Соның кесірінен қорықты аймақта орман өрттері орын алуы мүмкін. Сіз бен біз өзіміз өмір сүріп отырған қоршаған ортаға өле-өлгенше қарыздармыз. Айналамыздағы орман тоғай, аң-құс қашанда жер ананың сәнін беріп тұрады. Десекте, адамдар тарапынан жіберіліп отырған олқылықтар ашкөздене жер байлығы сексеуілді есепсіз сындыру, аң-құсты атып құрту, өрт тудыру сынды табиғат байлықтарының өртке орануы адам қолынан жасалып отырған қылмыс демеске лажымыз жоқ. Кенеттен болған өрт табиғат байлықтарына орасан зиян келтіреді. Бұл болашағымызға жасалған қиянат екенін ескере бермейді. Мұның артында экологиялық проблемалардың тұрғаны барлығымызға белгілі.

Сексеуіл ағашын заңсыз сындыру, оны сауда нүктелерінде саудалау қылмыс екенін тағы да аудан тұрғындарына ескертеміз!

Ерлан САМЕТ,

Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің аға орманшысы.

«ӘКЕЛЕР ТІККЕН ДОСТЫҚТЫҢ, ТУЫ ТҮСПЕСІН ТҰҒЫРДАН»

Салқам саусақты, күйші Генерал көкемізді сол уақыттағы аудан әкімі Қуаныш Айтаханов қатты құрметтеп өтті. Ауырып, сырқаттанып қалғанда жиі хабар алып, аудандық денсаулық сақтау бөлімінің басшысы, бас дәрігер Тұрар Садықбековтен күйшінің хал-жағдайын сұрап, жиі бақылап отыруын арнайылап тапсырғаны есімде. Жеңіс Қарғабаев 1967 жылы Сызғандағы Фани Мұратбаев атындағы мектепке шет тілі пәнінің мұғалімі болып барған кезінде, Генерал Асқаров Сызған совхозына агроном болып Жеңістен бір жыл бұрын ғана көшіп барған екен. Бірі шаруашылықта, бірі мектепте таңертең кеткеннен кешке бір-ақ келеді екен. Келе сала бірі домбыраны ұстап, бірі қаламын қолға алып өздеріне Жаратқан иеміз сыйға тартқан шынайы, ғұмырлық, жандары сүйетін өнерлерімен айналысады екен. Сол аға мен інінің арасындағы ізеттіліктен басталған сыйластық достыққа айналады. Екеуде мамыр айында дүниеге келген. Екеуі де өмірден мамыражай мамыр айында кетті. Бірі туылғанда Ұлы Отан соғысы басталса, бірі дүниеге келгенде Ұлы Жеңіс күні тойланған екен. Бірінің есімі Генерал болса, бірі сол мықты, стратег, қайратты қайсар генерал әкелген Жеңіс еді. Не деген ұқсас қабысу. 2020 жылы, осыдан бес жыл бұрын естеріңізде болса әнші, күйші Генерал Асқаровтың туғанына 80 жыл, ақын, ұстаз Жеңіс Қарғабаевтың туылғанына 75 жыл толып, артынша достықтың нағыз символына айналған екі дос ақылдасып алғандай, елдегі төтенше жағдайды өздері де иықтарына елмен бірге көтеріскендей еске алу мерейлі шаралары да өтпеді. Шаңырақтарында, жаны жақын жандардың жүрек түкпірлерінде аталып жаңғырып жатты. Осы жайды ескерген Сұлтанбек Қожанов атындағы музей ұжымы тура Генерал көкеміздің туылған күні 14 мамыр күні ер есімін елеп, ескеріп айтулы шара өткізді. Шарада күйшінің жары Жаңыл апа Жаппасқызы (азан шақырып қойған есімі Өміржан апа), қызы дарынды термеші, әнші Табиғат Асқарова, немересі А.Жұбанов атындағы балалар саз мектебінің мұғалімі Назерке Генерал, «Созақ үні» газетінің сол кездегі бас редакторы Сәрсенбек Теңізбаев, музей директоры Ниязәлі Дүйсенбек болды. Шараны музей басшысы жүргізіп, қонақтарға музей жұмысын аралата жүріп таныстырып өтті. Елдегі болып жатқан жағдайға байланысты музейдегі шараға көп адам шақырылмады. Табиғат Генерал көкемізге ұқсап көсіле әңгіме қозғап естеліктермен бөлісті. Арасында дарынды күйшінің жары Жаңылға арнап жазған «Сен ғана» атты әнін терең тебіреніспен орындады. Жаңыл апа-



мыз өткен жылдардың терең түкпірінен естеліктер айтты. Шағын ғана басқосу болғандықтан әңгіме мен күй кезек алмасып музей ішін көңілді әуен шаттыққа бөледі. Назерке шертпе күйдің шебері Сүгірдің күйін Генерал атасының вариантымен келістіре орындап берді. Кезінде Асқар Сүлейменов «Тірі Сүгірді көргілерің келсе, Генералды тыңдаңдар!» десе, дарабоз суреткер жазушы Тәкен Әлімқұлов өзінің «Кертөлғау» атты шығармасында:

“Генерал Асқаров!
Жасы отызды алқымдаған жігіттің аты дәл осылай. Әкесі әскери адам екен, генералдық атағы шыққанда туған перзентіне осы есімді әдейі қойған.

Генерал Алматының консерваториясында аз уақыт оқып, ауыл шаруашылығы институтына ауысып кетеді. Бұл күндері “Сызған” совхозының бас агрономы болып істейді. Агроном жігіт домбыраны керемет жатық тартты. Әуелім Тәттімбеттің “Көкейтестісінен” бастаған ол Құрманғазының “Серперін”, “Қайран шешемін” барлық бұралаңын сақтай орындап шықты. Жақсы суреттің көшірмесін оқығандай әсерде отырдым. Бірте-бірте Генерал осы өңірдің әуеніне көше бастады. Бізге кереметі де өзі осы еді. Соны сезгендей өнерпаз жігіт шерттің нақышын өзгертіп қаратаулықтардың көңігі бипаңына басты, домбыра ішегінің асты-үстің алма-кезек басып қоңыр күйлерді бабымен төкті. Сүгірдің көптеген күйлерін біледі екен. Өзінің ең сүйіктісі “Назқоңыр” екен. Бірақ маған “Кертөлғауы” қатты ұнады...”-деп күйші келбетін керемет суреттеп жазған екен. Күні кеше өткен жылдардың олқылықты сәттерінің орнын толтырарлықтай облыстық деңгейде елдің есінде қаларлықтай дүбірлі шара өтті. Оның өту барысын газеттің алдыңғы беттерінде жариялап отырмыз. «Тәуелсіздік» саябағындағы Еңбек Ерлері мен Созақтың дарынды төлтума перзенттері Жаппас Қаламбаев, Генерал Асқаровтардың ескерткіштеріне тағзым еттік. Ұлт руханиятының ұлық ұстындары қазақтай ұлты мен ұлтына деген ұлы сезімдері өшпейтін ұрпақтары тұрғанда қазақ өнерлерінің жауһарлары мәңгі тірі!

**ӘНШІ ДОСЫМА
(Әнші Генерал Асқаровқа
арнаймын)
Әні Махмұт Балаубеков
Сөзі Жеңіс Қарғабаев**

Шалқыпта шалқып тойларда,
Көңілден қайғы қашты мұң.
Сонау бір жазғы айларда,
Басталған еді достығым.



О, достым білем жол ұзақ,
Қайырмасы:
Қырандар қақсын қанатын.
Ән керек маған жалғыз-ақ,
Жүректе мәңгі қалатын.

Ғашық-ем асқақ әніңе,
Сусындап содан мен өстім.
Құмарым қанбай әлі де,
Алысқа ұзар емеспін.

Ашық боп тұрса аспаның,
Арайлы шуақ, таңдарсың.
Дәстүрлі достық дастаның,
Әніңмен әсем жалғарсың.

ДОСТЫҚ

**(Ақын Жеңіс Қарғабаевтың
күйші, әнші Генерал Асқаровқа
арнап жазған «Әнші досыма»
жырын оқығанда)**

Кеше де бүгін түнімен,
Кеудемді кернеп бір дастан.
Кешеден бері көз жасын,
Төгумен болды көк аспан.

Мамырда келді өмірге,
Күйші мен ақын жұптасып.
Мамырда кетті мәңгіге,
Шабытпен шалқар қоштасып.

Арасы бес жас екеудің,
Мың тоғыз қырық, қырық бес.
Қозмолдақ қайран қос ғұмыр,
Музаға толы тұнық кеш.

Генералы мықты майданда,
Жеңістің туы тік тұрар,
Достықтың рухын қос ұғым,
Есімдерімен-ақ ұқтырар.

Даланы тербеп ән шырқап,
Генерал тұрды шалқалап.
Маужырап тыңдап тау мен тас,
Ұйқыға кетті бар тарап.

Керемет қандай дауысы,
Күйді де шебер шертеді.
Генерал жүрген әр қадам,
Салтанатты кеш, ертегі.

Бірі агроном білікті,
Өсімдік, гүлден сыр ұққан.
Бірі мұғалім шәкіртке,
Сусын ұсынған тұнықтан.

Сыйластық сырбаз ұғыммен,
Дақ түсірместен арада.
Інілік асқақ рухпен,
Жыр жазды Жеңіс ағаға.

Елу жыл толды ол жырға,
Жартығасырлық ғұмыр бар.
Ән жазды оған Махмұт,
Биіктей түсті тұғырлар.

Құдірет деген осы ма,
Киесі қандай өнердің.
Мәңгі өлмес өнер-ол қайық,
Жүзумен әлі келемін.

Әкелер салған достықтың,
Туын түсірмей тұғырдан.
Ұрпағыңнан Геңке айналдым,
Жан дүниеңді ұғынған!

**Мақсат ҚАРҒАБАЙ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі.**

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Директор:
**Абилпаттаев Ержан
Бакытжанович**

Бас редактор:
Мақсат Қарғабай

Редакция құрамы:

Аға тілші-
Данияр БЕКОВ
Тілшілер-
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайнер-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Теріші-
Бағила АЯЗБАЕВА
Фототілші-
Құрманш КЕРІМҚҰЛОВ

Қолжазбалар еңделеді, қайтарыпмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта
аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолақорған ауылы, С.Қожанов көшесі 68, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3350 дана

Кезекші редактор:

Н.Шертаев